ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 1 шілде № 4360-23-00-2/1216 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Мұз айдыны» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ORDA11» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жумабай Желимбетов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Мұз айдыны» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «ORDA11» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жумабай Желимбетовке мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ORDA11» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жумабай Желимбетов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «ORDA11» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жумабай Желимбетовтен «Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Мұз айдыны» шаруашылық жүргізу құқығындағы

коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 1 829 (бір мың сегіз жүз жиырма тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 55 (елу бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «ORDA11» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жумабай Желимбетовтен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 01.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 09.08.2023, судья Әбілқайысқызы А., 11.08.2023

4360-23-3-1/1307